



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2020 жылдың 29 мамыры

KASE акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізді

2020 жылдың 29 мамырында Қазақстан қор биржасы (KASE, Биржа) Биржа акционерлерінің сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысының (АЖЖЖ) қорытындысын шығарды.

Биржа акционерлері, 2019 жылғы KASE қызметі туралы мәліметті назарға алды және 2019 жылға Биржаның жылдық аудиттелген шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігін бекітті, сондай-ақ, таза кірісті бөлмей, Биржаның дамуына бағыттауға шешті.

2019 жылғы KASE қызметі қорытындысы бойынша сауда-саттықтың жиынтық көлемі 118,1 трлн теңгені құрады және 2018 жылға қарағанда 7,6 % немесе 9,7 трлн теңгеге төмендеді. Оң динамиканы бағалы қағаздар нарығы көрсетті – өсім 8,5 % (көлемі – 5 286,8 млрд теңге), акциялар нарығын қаржыландыру бір жылда 11 % артып, 17,2 трлн теңгені құрады, Қазақстан қор биржасында айналымдағы корпоративтік борыш көлемі 12 % өсіп, 12,1 трлн теңгеге жетті.

2019 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес Биржа Тобының қаржы-шаруашылық қызметі келесі көрсеткіштермен сипатталады. Биржа тобының кірісі 4,3 млрд теңгені құрады, ол өткен жылдың нәтижесіне қарағанда 1,2 млрд теңге немесе 38,7 % жоғары. Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістер 2,5 млрд теңгені құрады, 114,1 млн теңге немесе 4,8 % артып, пайыздық кірісі 1,03 млрд теңге немесе 154,1 % өсті.

Биржа шығыны 2018 жылмен салыстырғанда 68,6 млн теңге немесе 3,5 % азайып, 1,87 млрд теңгені құрады.

2019 жылдың қорытындысы бойынша таза табыс 2,2 млрд теңгеге жетіп, ол өткен жылдың қорытындысына қарағанда 127,2 % жоғары болды.

KASE тобының активтері 2018 жылмен салыстырғанда 19,5 млрд теңгеге (37,7 %) өсіп, 71,041 млрд теңгені құрады. Активтер өсімі KASE қызметінің орталық контрагент ретінде кеңеюіне байланысты өсті. KASE шет ел валюталары нарығында орталық контрагент қызметін 2018 жылдың 01 қазанынан бастап, ал қор нарығында (жеке қаржы құралдары бойынша) – 2019 жылдың 03 ақпанынан бастап атқарады.

Орталық контрагенттің қаржылай активтері 0,96 млрд теңгені құраса, кері репо операциялары бойынша Орталық контрагенттің талаптары қор нарығында 25,3 млрд теңгені құрады. Ақша және олардың баламалары 20,3 млрд теңгені құрады, амортизацияланған құны бойынша есептелген қаржылай активтер 18,8 млрд теңгені құрады, көбінесе клирингілік қатысушылардың кепілдік жарналары мен маржалық қамтамасыз ету есебінен қалыптастырылды. Сондай-ақ, міндеттеме көлемі 17,0 млрд теңгеге артып, 59,6 млрд теңгені құрады, оның 55 % (32,9 млрд теңге) клирингілік қатысушылардың қаражаты құрайды (кепілдік жарналары мен маржалық қамтамасыз ету), 42 % (25,3 млрд теңге) қор нарығындағы репо операциялары бойынша орталық контрагенттің міндеттемелері құрайды және 1,6 % (0,9 млрд теңге) – валюталық нарықта орталық контрагенттің міндеттемелері.

KASE есептік кезеңде IT-модернизация, орталық контрагент қызметін іске қосу, биржалық нарықтың артуы мен тереңдей түсуіне байланысты Биржа бірқатар стратегиялық маңызды жобаларды жүзеге асырды.

Алғашқы екі бағытта "Мәскеу биржасы" ЖАҚ (MOEX) сауда-саттық клирингілік жүйесі негізінде әзірленген ASTS+ сауда-саттық клирингілік жүйесі және орталық контрагент (OK) енгізді.

Екі жоба да KASE және "Мәскеу биржасы" БАҚ (MOEX) стратегиялық ынтымақтастық туралы Келісімді жүзеге асыру кезеңдері болып табылады.

Биржа 2019 жылдың 03 желтоқсанда KASE MOEX саттық клирингтік жүйесі негізінде әзірленген аталмыш жүйені енгізгені туралы хабарлады. Сонымен қатар, KASE сауда-саттығы жаңа сауда жүйесінде ашылған қаржы құралдары бойынша орталық контрагент қызметін орындауға кірісті. Сондай-ақ, Қазақстан қор биржасы мен Мәскеу биржасының келісімі аясында 2019 жылдың 29 қаңтарында KASE 32 360 акцияны сату бойынша мәміле жасады. Мәміле қорытындысы бойынша KASE капиталындағы MOEX үлесі орналастырылған акциялардың 3,32 % құрады.

2019 жылдың 30 қыркүйегінен бастап, KASE нарықтың тереңдігі мен өтімділігін арттыру аясында орындалу мерзімі алты ай және бір жылға дейінгі АҚШ доллары/ қазақстандық теңге жаңа құралдарымен валюталық своп операцияларымен сауда-саттық ашылды. 2019 жылдың 01 шілдесінен бастап, KASE Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 17.00–ге дейін шет елдік және халқаралық қатысушылар үшін қазақстандық теігемен есептеулердің мүмкіндіктерін кеңейту және сауда-саттық қол жетімділігін арттыру үшін шет елдік валюта бойынша сауда-саттық күнінің ұзақтығын арттырып, сауда-саттық сессиясын аталмыш нарық сегментінде біріктірді.

Қазақстан Республикасы индекстелмеген бағалы қағаздарын нарықтық бағалау репрезентативтілігінің өсуіне ықпал ететін Нельсон-Сигель тәуекелсіз қисық кірістілігін құру үлгісіне негізделген, жаңа әдістемесі қолданысқа енгізілді.

KASE отандық қор нарығын танымал етуге бағытталған, кеңестік және көшпелі кездесулерді өткізу жұмыстарын жалғастыруда.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады, замани технолигияларды иеленген және қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес сауда-саттықтық және саудасаттықтан кейінгі қызметтердің толық спектрын көрсетеді. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.